

*Қазақстан қаржыгерлері ІХ конгресінің
1-ші пленарлық отырысындағы
А.М. Баймағамбетовтің
сөйлейтін сөзінің тезистері
2021 жылғы 12 қараша*

1. Соңғы жарты жылда біз **инфляцияның 7,0%-дан 8,9%-ға** дейін **жеделдегенін** байқадық. **Жазғы айларда** бағаның осы кезеңге **тән емес** бірден жоғары көтерілгені байқалды, өйткені, бұл уақытта әдетте азық-түлік бағасы төмендейтін еді.

Алайда, азық-түлік өнімдері бағасының **жалпы әлемдік үрдісіне** және біздегі **ішкі теңгерімсіздікке** байланысты **азық-түлік инфляциясы** екі таңбалы диапазонға қайта енді және бүгінгі күні қыркүйек айының қорытындысы бойынша **ең жоғары 11,5%** деңгейінен сәл төмен **11,3%** болды.

Біз **бағаның өсуіне қосатын үлестің жартысына** жуығын құрайтын азық-түлік нарықтарындағы жағдайды **мұқият** қадағалап отырамыз.

Егер инфляцияның басқа екі компоненті – **азық-түлікке жатпайтын және ақылы қызметтер** туралы айтар болсақ, онда соңғы айларда олардың **айтарлықтай үдеуі** байқалады.

Бір жағынан, мұнда да **теңгерімсіздік** орын алып отыр, мысалы, қазанда **дизель** бағасының **16,6%-ға** өсуіне алып келген **жанар-жағар май нарығындағы** сияқты теңгерімсіздік бар.

2. Екінші жағынан, экономикадағы **сұраныстың қалпына келуін** байқауға болады. Өткен жылы жоғары белгісіздік пен қатаң карантин шараларының нәтижесінде **сұраныс басылды**. Алайда, биылғы екінші тоқсаннан бастап **жағдай өзгерді**.

Қазақстан экономикасының **қалпына келу** процесі белсенді жүріп жатыр, соның нәтижесінде үй шаруашылықтарының номиналды, сол сияқты нақты **ақшалай кірістерінің** ұлғаюы, **кредиттеудің** өсуі және

фискалды ынталандырудың жалғасуы аясында халықтың **тұтынушылық белсенділігі** артады.

Көріп отырғанымыздай, ұлғайып жатқан сұраныс **импортқа**, негізінен **тұтыну тауарларының импортына қайта бөлінеді**.

Биылғы 9 айда **тұтынушылық импорт** өткен жылмен салыстырғанда **21,4%-ға** немесе **1,5 млрд АҚШ долларына өсіп, 8,8 млрд АҚШ долларын құрады** (*оның ішінде 6,3 млрд АҚШ доллары – азық-түлікке жатпайтын тауарлар*).

Бұл өткен жылғы **төмен база мәселесіне жатпайды**, яғни 2020 жылы тұтынушылық импорт **өскенімен**, қарқыны төмен болды (*анықтама үшін: 2019 жылғы 9 айдағы көрсеткішпен салыстырғанда 2020 жылғы 9 айда 4,6%-ға өсті*).

Сұраныс жағынан проинфляциялық үрдістерді байқап, осы жылғы **шілдеден бастап** соңғы үш отырыста базалық мөлшерлемені біртіндеп **25 базистік тармақтан көтере отырып, дезинфляциялық** ақша-кредит саясатын жүргізуді бастадық. Нәтижесінде базалық мөлшерлеме **9,0%-дан 9,75%-ға** дейін өсірілді.

Біздің әрекетіміз **2022 жылы** инфляцияны нысаналы дәліздің **4-6%-дық** жоғары шегінде тұрақтандыруға және халықтың инфляциялық қүтулерін төмендетуге (қазанда - **10,3%**) бағытталды.

3. Инфляциялық қысымды орта мерзімді перспективада төмендету үшін Ұлттық Банк 2021-2023 жылдарға арналған макроэкономикалық саясатты үйлестіру туралы **келісім** аясында Үкіметпен және Агенттікпен бірлесе отырып **бірқатар бастамаларды** да іске асыруда.

Ұлттық Банк Төрағасы бүгін атап өткендей, осы жылы бірқатар **дағдарысқа қарсы** бағдарламаларды **қаржыландыруды аяқтауға** ниеттеніп отырмыз.

Қалған бағдарламалар да 2023-2025 жылдар аралығында, мүмкін одан бұрын рет-ретімен аяқталып қалады.

4. Макроэкономикалық саясатты үйлестіруді күшейтудің маңызды бастамасы – бюджет қағидаларын енгізу деп есептейміз, біз қазір Үкіметпен оның өлшемдерін талқылап жатырмыз.

Біз консервативтік түрде белгіленетін және бюджетке **трансферттер көлемін айқындайтын мұнайдың түпкілікті бағасы** қағидалардың негізі екенін көріп отырмыз.

Түпкілікті бағаны айқындау кезінде біз түпкілікті бағаны **орташа** тарихи деңгейде емес, **консервативтік** деңгейде қамтамасыз ету үшін белгілі бір тарихи аралықта мұнай бағасы бойынша **персентильдерді** немесе **стандартты ауытқуларды** есептеуді ұсынамыз. Бұл қолайлы жылдар ішінде Ұлттық қорға түсімдерді көбірек **жинақтауға**, ал дағдарыс жылдары ішінде түсімдер көлемінде және одан да көп мөлшерде жұмсауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге ұзақ мерзімді экономикалық **өсу** сомасымен және **инфляция** бойынша мақсатпен шектелген бюджет **шығыстарының өсу қарқынының жоғарғы шегі** белгіленетін болады.

Мысалы, көрнекі түрде ұзақ мерзімді өсу әлеуеті 3-4% (10 жыл ішіндегі орташа – 3,5%) және инфляция бойынша орта мерзімді мақсат 4-5% және одан әрі 3-4% болған кезде, орта мерзімді перспективада шығыстардың өсу қарқыны жылына 7-8%-дан аспауға тиіс.

Қазіргі уақытта формулалардың нақты өлшемдері мен ерекшеліктері Үкіметпен – Ұлттық экономика министрлігімен **талқылануда.**

Контрциклдік бюджет қағидалары ақша-кредит және фискалды саясаттардың келісімділігін арттырудан басқа макроэкономикалық жағдайлардың **құбылмалылығын төмендетуге** мүмкіндік береді, бұл

экономиканың мұнайға жатпайтын секторларының және тиісінше, бюджетке мұнайға жатпайтын салық түсімдерінің өсуіне ықпал етеді.

Дағдарыс кезеңінде экономиканы қолдау мемлекеттік шығыстарды – Ұлттық қордан қосымша қаражат алуды **ұлғайтуды** және/немесе мемлекеттік борышты тартуды талап етеді. **Жеткілікті буфердің** болмауынсыз мұндай әрекеттер фискалдық кеңістіктің тарылуына және орнықтылықты жоғалтуға алып келуі мүмкін.

*(Анықтама үшін: Салық-бюджет саясатының проциклдылығымен қатар, Ұлттық қордан трансферттерді **үздіксіз тарту** мүмкіндігі экономикалық кезеңге қарамастан, мемлекеттік шығыстардың жоғары деңгейін сақтап қалуға мүмкіндік береді, бұл қосымша **инфляциялық қысым** тудыруы мүмкін).*

Осылайша, қағидаларды іске асыру шикізат циклынан бюджет өлшемдерінің **ықпалын азайтуға** мүмкіндік береді, фискалдық қарқынның **инфляцияға** ықпалын **тұрақтандыруға** көмектеседі, сондай-ақ экономикадағы **инвестициялық жоспарлау мүмкіндігін** арттырады.

Біздің есебіміз бойынша, егер біз осы қағидаларды ұстанатын болсақ, онда Ұлттық қордың **активтерін сақтап**, олардың көлемін біртіндеп арттыратын боламыз.

2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджетті **қалыптастыру** кезінде Қағидаларды **2022 жылы қолдану** жоспарланып отыр.

Осы тәсілдердің барлығы **2030 жылға дейінгі мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасында** көрсетіледі. Бұл құжаттың мақсаты – мемлекеттік қаржыны шоғырландыру және бюджеттің теңгерімділігі мен орнықтылығын қалпына келтіру.

5. Үкіметтің кредит қаражатының нақты құнын бұрмалайтын мемлекеттік қолдаудың **нарықтық емес** құралдарынан біртіндеп **шығу** жөніндегі **5 жылдық жол картасын** қабылдау ниеті ақша-кредит,

макроэкономикалық және салық-бюджет саясаттарын үйлестірудің тағы бір **маңызды мысалы** болып табылады. Бұл туралы **Төраға** бүгін айтып өтті.

Бұл картаны іске асыру, бір жағынан, орта мерзімді перспективада **мемлекеттік шығыстарды оңтайландыруға**, екінші жағынан – экономикадағы **ақша құнын бұрмалау** және қаржы нарығында, сол сияқты бизнес-ортада **бәсекелестік** мәселесін болашақта жеңілдікпен қаржыландыруды **азайту** немесе тіпті **алып тастау** арқылы шешуге

к

ө **6. Инфляциялық қысымды төмендету үшін макроэкономикалық саясатты үйлестіру** өте маңызды, біз оны 2030 жылға дейінгі ақша-кредит саясатының **стратегиясы** шеңберінде көрсете білдік.

к

Жуық арада біз Үкіметпен және Агенттікпен бірге енгізген **Тұшжақты келісімдерге қол қою** құралы үйлестіруді күшейтуге және бір-біріміздің алдымызда **өзара міндеттемелер** қабылдауға бағытталады.

е

д

і

.